

**Ауданның ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын 2012 жылы ұсыну туралы**

Қостанай облысы Алтынсарин ауданы мәслихатының 2012 жылғы 18 мамырдағы № 29 шешімі. Қостанай облысы Алтынсарин ауданының Әділет басқармасында 2012 жылғы 5 маусымда № 9-5-149 тіркелді

"Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңының 18 бабы 8 тармағына сәйкес Алтынсарин аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Ауданның ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына 2012 жылы көтерме жәрдемақы және тұрғын үй алу немесе салу үшін әлеуметтік қолдау ұсынылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

А л т ы н с а р и н а у д а н д ы қ  
м ә с л и х а т ы н ы ң к е з е к т е н т ы с  
сессиясының төрағасы С. Лысенко

А л т ы н с а р и н а у д а н д ы қ  
м ә с л и х а т ы н ы ң х а т ш ы с ы А. Кенжеғарин

КЕЛІСІЛДІ:

"Алтынсарин ауданы әкімдігінің  
экономика және қаржы бөлімі"  
М М б а с т ы ғ ы

\_\_\_\_\_ Е. Павлюк

"Алтынсарин ауданы әкімдігінің  
кәсіпкерлік және ауыл шаруашылық  
бөлімі" ММ б а с т ы ғ ы н ы ң  
м і н д е т і н а т қ а р у ш ы

\_\_\_\_\_ Е. Самидосов